

## Ынтымақтастық туралы Меморандум

Жаңасейіл ауылы

" " 20 жыл

Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Целиноград ауданы, Жаңасейіл ауылы, Агротехникалық колледжі» МКҚК, бұдан әрі «білім беру ұйымы» деп аталатын, № А-8/322 Жарғы негізінде әрекет ететін басшы Бағдат Қасымбекович Сабитов, екінші жағынан, «Тәңір-Тәтті» ЖШС Астана қаласы, бұдан әрі «кәсіпорын» деп аталатын, 02.10.2023 ж № 10 Бұйрық негізінде әрекет ететін Бижанов М.Е. өндіріс директоры тұлғасында, кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгі шарттың қолданыстағы нысанын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы Меморандум жасасты:

### 1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ

- 1.1 Осы Шарттың мәні өндірістік практикадан өту, түлектерді даярлау және жұмысқа орналастыру кезінде колледж және жұмыс берушілер ынтымақтастығының тиімді нысандарын енгізу саласындағы Тараптардың ынтымақтастығы болып табылады.
- 1.2 Осы Шарт колледж бен кәсіпорын арасындағы өзара іс-қимылдың базалық шарттарын айқындайды. Бұдан әрі Тараптар қосымша шарттар мен келісімдер негізінде осы ынтымақтастықтың шеңберін кеңейтуге құқылы.
- 1.3. Кәсіпорын білім ұйымынан жіберіліп отырған практикант студенттер тізіміне және білім беру бағдарламасының бейініне практикадан өту кестесіне сәйкес кәсіптік практика базасымен қамтамасыз етеді.

### 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1 Даярлаудың келесі бағыттары мен мамандықтары бойынша орта кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес кадрлар даярлау мамандығы; 10130300-"тамақтандыруды ұйымдастыру" біліктілігі-3w10130302"Аспаз". 3w10130301 " кондитер-безендіруші;
- 2.2) оқу процесін мемлекеттік білім беру стандарттарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында және колледж жарғысында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асыру;
- 2.3) өндірістік практиканың бағдарламасын және отудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;
- 2.4) кәсіпорынға өндірістік практиканың басталуынан екі ай бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, өндірістік практиканың бағдарламасын, практикадан отудің күнтізбелік кестесін ұсыну;
- 2.5) білім беру ұйымының тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар арасынан практика жетекшілерін білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекіту;
- 2.6) кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушымен сақталуын қамтамасыз ету;
- 2.7) білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының өндірістік практикасына мерзімді бақылау етіп, оның отуін ұйымдастыру;
- 2.8) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың өндірістік практикасын ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;
- 2.9) қажеттілік туындаған кезде кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;
- 2.10) жазатайым оқиғаларды, егер олар практиканы өту барысында білім алушының қатысуымен болған оқиғаларды тергеуге қатысу;

- 2.11) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда кәсіпорынды хабарлар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау;
- 2.12) тұрғылықты мекен-жайынан практика базасының алыс орналасуы кезінде білім алушыға қажетті тұрмыстық және басқа жағдайлар жасау мүмкіндігін қарастыру;
- 2.13) кәсіпорын басшылары мен мамандарын білім беру процесіне, студенттердің білімін сырттай бағалауға, колледж студенттерін аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткізу кезінде емтихандарға, мемлекеттік аттестаттау комиссияларына, курстық және бітіру біліктілік жұмыстарына басшылық жасауға немесе бірлесіп басшылық етуге тарту;
- 2.14) кәсіпорын қызметінің перспективалық бағыттарын ескере отырып, курстық және бітіру біліктілік жұмыстарының тақырыбын қалыптастыру;
- 2.15) студенттерді басшылармен және мамандармен кездесулерін ұйымдастыру;
- 2.16) қосымша шарт жасау негізінде нарық талаптарына жауап беретін дайындық бағыттары мен мамандықтар бойынша кәсіби дағдылар мен дағдыларды игеру мақсатында колледж студенттерінің барлық (кәсіптік, диплом алдындағы) практикаларының өтуін ұйымдастыру;
- 2.17) студенттердің барлық іс-тәжірибе түрлерінің (кәсіптік, диплом алдындағы) базасы ретінде пайдалану үшін құрылымдық бөлімшелер тізбесімен кәсіпорын басшысымен келісу;
- 2.18) кәсіпорынды түрлі конкурстарға, бағдарламаларға қатысуға тарту, оқытушыларға оларды өткізуге жәрдемдесу;
- 2.19) колледж базасында ғылыми-практикалық конференциялар, көрмелер, конкурстар өткізуге кәсіпорын өкілдерін тарту;
- 2.20) кәсіпорын өкілдеріне кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелеріне жұмысқа орналасуға бағдарлау мақсатында студенттік аудиториялар алдында сөз сойлеуге мүмкіндік беру;
- 2.21) колледжді бітіргеннен кейін кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелеріне жұмысқа орналасу үшін студенттердің кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету;
- 2.22) мәлімделген бос жұмыс орындарына сәйкес кәсіпорын үшін кадрларды іріктеу және колледжді бітірген түлектерді кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелеріне жұмысқа орналастыру үшін жіберу;

### **3. КӘСІПОРЫННЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 3.1) білім алушыға жұмыс орында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;
- 3.2) тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде иеленген мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру гранты негізінде оқыған түлектің кандидатурасын қарастыру;
- 3.3) білім беру ұйымына академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының өндірістік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;
- 3.4) осы шарттың ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтардың өндірістік практикаға жіберу бойынша білім алушыны қабылдау;
- 3.5) практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеу;
- 3.6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушының өндірістік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;
- 3.7) білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабарлар ету;

3.8) білім алушының өндірістік практиканың бағдарламасын толық игеру және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының өндірістік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарда қажетті жағдай жасау;

3.9) өндірістік практика аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және практикadan оту сапасын бағалау;

3.10) колледжде орта кәсіптік білімі бар мамандарды, жұмысшы біліктіліктерін даярлауға, оның ішінде қызметтің жаңа түрлерін ескере отырып, отішімдер беру; кадрлар даярлау қажеттілігі туралы деректерді жыл сайын нақтылау;

3.11) қажеттілік болған жағдайда кәсіпорын үшін қызығушылық тудыратын мамандықтар мен бағыттар бойынша студенттерді мақсатты қабылдауға және мақсатты оқытуға тапсырыс беру. Нысаналы қабылдауға және нысаналы оқытуға тапсырыс осы Шартқа қосымша келісімдермен рәсімделеді;

3.12) жастар арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуге жәрдемдесу, жәрмеңке-презентацияларға қатысу.

3.9 кадрларға перспективалық қажеттілік шартын жасасу сәтіне ұсыну (3 жылға)

3.10) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес өндірістік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

3.11) кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;

3.12) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысу;

3.13) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыру;

3.14) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің болжалдарына сәйкес білім алушылардың саналы оқытуын талап ету құқылы.

3.15) білім алушыға кәсіпорын арнай киімдермен жабдықтау;

#### **4. ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ**

4.1). Өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан оту кезінде білім алушының белгілі бір функционалдық міндеттерін орындауы кезінде кәсіпорын (ұйым) отемақы төлеуге жол береді;

4.2). отемақы төлемінің көлемі кәсіпорынның (ұйымның) қалауы бойынша белгіленеді.

#### **5. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ**

5.1) шарт оған қол қойылған сәттен бастан күшіне енеді және 3 (үш) жыл күшінде болады. Егер Тараптардың ешқайсысы қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде одан бас тарту туралы мәлімдемесе, шарт келесі мерзімге ұзартылды деп есептеледі.

#### **6. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ТАЛАПТАРЫ МЕН БҰЗУ ТӘРТІБІ**

6.1) шарт тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін, бұл туралы Тараптарға жазбана түрде хабарланады.

6.2) тараптардың келісімі бойынша шартқа жазбана түрде рәсімделген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6.3) тараптар арасында туындауы мүмкін барлық келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда – ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен орындалады.

## 7. БАСҚА ШАРТТАР

- 7.1) тараптар Шарт бойынша мүлдікті және қаржылық міндеттемелерді қотермейді;  
7.2) шарт бірдей заңды күні бар 2 данада жасалады, олардың бірі колледжде, екіншісі кәсіпорында сақталады.

## 8. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ МЕН БАНКТІК РЕКВИЗИТТЕРІ:

### Білім беру ұйымы:

Ақмола облысы білім басқармасының  
жанындағы  
«Целиноград ауданы, Жаңаесіл  
ауылы, Агротехникалық колледжі» МҚКК  
Ақмола облысы, Целиноград ауданы,  
Жаңаесіл ауылы, Тәуелсіздік көшесі 54В  
БСН 970740000719, ККМҒКЗ2А,  
«KASPIBANK» АҚ  
8-(716-51)-34-283, 34-402  
Электрондық мекен-жайы -  
[atk.janaesil@mail.kz](mailto:atk.janaesil@mail.kz)  
Басшы Б. К. Сабитов



### Кәсіпорын:

«Тәп-Тәтті» ЖШС  
БСН: 130140011649  
Мекен - жайы: ҚР, Астана к., Қонаев к-сі  
14, ВП 23 19.01.2017 ж. №1005631 ҚҚС  
сериясы Р / с KZ898562203112307204  
(KZT)  
Банк: "Банк ЦентрКредит" АҚ  
БИК КСJBKZKX  
Электрондық мекен-жайы -  
[info@taptatti.kz](mailto:info@taptatti.kz) (қабылдау)

Өндіріс Директоры Бижанов М.Е.

